

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС мәжілісінің 2025 жылғы 27 ақпандығы ҚАУЛЫСЫ**

1. Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және даму перспективасы.

Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Е.Султанның «Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және даму перспективасы» туралы баяндамасын тыңдал және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1 Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2024 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Султанның есебі макұлдансын және бекітілсін.

1.2. Факультет декандарына және кафедра менгерушілеріне:

1.2.1. Университеттің халықаралық рейтингтердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Scopus және WoS базаларында индекстелетін журналдарда ПОҚ жарияланымдарын, сондай-ақ ҚР ғұжбасынан бағытталған жарияланымдарды – 9,2 пайызға ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілсін (*орындау мерзімі – қараша 2025 ж., жауапты – Ғылым департаменті директорының м.а. М.А.Абсатова*);

1.2.2. Университеттің рейтингін арттыру және халықаралық желіні кеңейту үшін QS рейтингінің ТОП-500-ге кіретін университеттердің шетелдік ғалымдарымен жарияланымдар саны және QS рейтингінің ТОП-700 құрамына кіретін шетелдік университеттермен бірлесіп жүзеге асырылатын халықаралық жобалардың саны 2,5 пайызға көбейтілсін (*орындау мерзімі – унемі, жауапты – Ғылым департаменті директорының м.а. М.А.Абсатова*);

1.2.3. «Саясаттану» және «Әлеуметтану» білім беру бағдарламаларының аккредитациядан өтінегізінде, 8D031 – Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша Диссертациялық кеңес ашылсын (*орындау мерзімі - 30.04.2025 ж.дейін, жауапты – Ж.М.Симтиков*);

1.2.4. 8D014 – Жалпы дамудың пәндей мамандандырылған педагогтарды даярлау (8D01403 Қөркем білім, графика және жобалау/ Бейнелеу өнері және сзызу) бағыты бойынша Диссертациялық кеңес ашылсын (*орындау мерзімі - 31.03.2025 ж. дейін, жауапты – К.Ә.Байқутов*);

1.2.5. Докторантуралың/магистратуралың білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық жұмыстардың тақырыптары орта, кәсіби-техникалық, жоғарғы білім беру саласындағы мәселелерді шешуге және ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға бағытталсын (*орындау мерзімі – мамыр/маусым 2025 ж., жауапты – Ғылым департаменті директорының м.а. М.А.Абсатова*);

1.2.6. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Вестник/Хабаршысы журналдарының «Жаратылыстану-география ғылымдары», «Арнайы педагогика» сериялары Басылымдар тізбесінің 3-тізіміне, «Филология ғылымдары» сериясын 2-тізіміне ұсыну үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкестендіру жұмысы жүргізілсін (*орындау мерзімі - 31.08.2025 ж.дейін, жауапты – Т.Т.Абылов, бас редакторлар*);

1.3. Факультет декандары мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларының назарына:

1.3.1. Ғылыми қызметті республикалық ғылыми үйімдармен (ФЗИ) интеграциялау жөніндегі ынтымақтастық жұмысы күштейтілсін (*орындау мерзімі – унемі, жауапты – Г.А.Баимбетова*);

1.3.2. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру әлеуеті бар жобалар әзірленсін (*орындау мерзімі – оқу жылы, жауапты – А.К.Серікбаев*)

1.3.3. Startup жобалары арқылы университет білім алушыларын ғылыми зерттеулерге тартылсын (*орындау мерзімі – мамыр, жауапты – А.К.Серікбаев*);

1.3.4. ғұжбасынан бағытталған жобаларға Сорбонна-Қазақстан институты, Дене шынықтыру және Алғашқы әскери дайындық факультеті профессор оқытушы құрамының қатысуы белсенділендірсін (*орындау мерзімі – унемі, жауаптылар – А.А.Сабитова, Е.Е.Оспанкулов*).

1.4. «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркі жетекшісіне:

1.4.1. «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркі құрылымында «Білім беруде AR және VR технологияларын қолдану» ғылыми-практикалық орталығы ашылсын (*орындау мерзімі – 30.04.2025 ж. дейін, жауапты – Д.Фазылжсан*);

- 1.4.2. «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркі құрылымында «Күкіңтық зерттеу» орталығы ашылсын (орындау мерзімі – 30.04.2025ж. дейін, жсауапты – Д.Фазылжан);
- 1.4.3. «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркі құрылымында «Халықаралық қолжазба» орталығы ашылсын (орындау мерзімі – 30.04.2025 ж. дейін, жсауапты – Д.Фазылжан);
- 1.4.4. «География және экология» орталығының жұмысы жандандырылсын (орындау мерзімі – сәуір 2025 ж., жсауапты – Д.Фазылжан);
- 1.4.5. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың білім алушылары (магистрант/ докторант) «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізілсін (орындау мерзімі – оқу жылы бойы, жсауапты – Д.Фазылжан).

2. Жаратылыстану және география факультеті: тұрақты даму мақсаттары туралы

Жаратылыстану және география факультетінің деканы К.Д.Каймұлдинованаң «Жаратылыстану және география факультеті: тұрақты даму мақсаттары туралы» атты баяндамасын тыңдал және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

- 2.1. Жаратылыстану және география факультетінің деканы К.Д.Каймұлдинованаң «Жаратылыстану және география факультетінің Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру бағытындағы жұмысы» туралы баяндамасы назарға алынсын;
- 2.2. Жаратылыстану және география факультетінің деканына Тұрақты даму бағытында орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру және жалпы білім беретін мектептерде әріптестік негізінде тұрақты даму мақсатында білім беруді жүзеге асыру мақсатында Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету орталығын құрудың тұжырымдамасын жасау тапсырылсын (орындау мерзімі - 15 сәуір 2025 ж. дейін, жсауапты – факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова);
- 2.3. Жаратылыстану және география факультеті кафедраларының білім бағдарламаларын дамытуы тұрақты даму мақсаттарына сәйкес жүргізілсін (орындау мерзімі - 10 мамыр 2025 ж.дейін, жсауапты – кафедра менгерушілері);
- 2.4. Инфрақұрылымды дамыту департаментіне, факультеттің деканына, биология кафедрасының менгерушісіне университеттің агробиологиялық кешенін іске қосуға қатысты жұмыстарды ұйымдастыру тапсырылсын (орындау мерзімі - 1 сәуір 2025 ж. дейін, жсауаптылар – Т.К.Беккожанов, факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова, А.Д.Майматаев);
- 2.5. Жаратылыстану және география факультетінің деканы мен кафедра менгерушілеріне Академиялық артықшылық орталығын құру аясында заманауи зертханаларды жабдықтау бойынша нысаналық қаржыландыру бағдарламасына техникалық ұсныстар әзірлеу тапсырылсын (орындау мерзімі - 4 наурыз 2025 ж. дейін, жсауапты – факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова);
- 2.6. Жаратылыстану және география факультетінің деканына, кафедра менгерушілеріне Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету жұмысын жетілдіру бағытында профессор-окытушылар құрамының қолданбалы, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізіндегі жобаларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету жүктелсін (орындау мерзімі – үнемі, жсауапты – факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова);
- 2.7. Университеттің тұрақты даму бағытындағы қолданбалы және әлеуметтік жобаларын үйлестіру мақсатында жаратылыстану және география факультеті жаңынан «Жасыл офис» ашу бойынша Инфрақұрылымды дамыту департаментіне, Стратегия департаменті мен факультеттің деканына ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу тапсырылсын (орындау мерзімі - 5 мамыр 2025 ж. дейін, жсауаптылар – Т.К.Беккожанов, Э.М.Таттибаева, факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова);
- 2.8. Жаратылыстану және география факультетінің білім алушыларының Тұрақты даму бағытындағы кәсіби дайындығын арттыру, қоғамға қызмет етуге баулу мақсатында мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстарға кеңінен қамту жұмыстары жалғастырылсын (орындау мерзімі – үнемі, жсауапты – факультеттің деканы К.Д.Каймұлдинова).

3. Математика, физика және информатика факультеті: білім беру саласындағы жасанды интеллектті пайдалану мәселелері.

Математика, физика және информатика факультетінің деканы Ш.И.Хамраевтың Математика, физика және информатика факультеті: білім беру саласындағы жасанды интеллектті пайдалану мәселелері туралы баяндамасын тыңдал және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

Академиялық мәселелр җөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековке, Білім беру бағдарламаларын талдау департаменттің директоры Н.Т.Ошановага, Математика, физика және информатика факультетінің деканы Ш.И.Хамраевқа:

3.1. Университеттің білім беру бағдарламаларына жасанды интеллектті (ЖИ) енгізудің жол картасын әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылсын (орындау мерзімі - 01.04.2025 ж.).

3.2. Университеттің білім беру қызметінде ЖИ қолдануды реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленсін және бекітілсін (орындау мерзімі - 01.09.2025 ж.).

3.3. Білім беру қызметінде ЖИ қолдану бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсары ұйымдастырылсын (орындау мерзімі - 01.06-01.07.2025 ж.).

4. Education management school орталығының басым бағыттары

Education management school орталығының жетекшісінің м.а. Г.М.Ходжабергенованаң «Education management school орталығының басым бағыттары» баяндамасын тыңдал және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

4.1. Education management school орталығы жетекшісінің м.а. Г.М.Ходжабергенованаң «Education management school орталығы қызметінің басым бағыттары туралы» баяндамасы назарға алынын;

4.2. Мектепке дейінгі, бастауыш, қосымша, арнайы білім беру үйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары әзірленсін және ҚР Оқу-ағарту министрлігіне сараптамаға жолдансын (орындау мерзімі - наурыз, 2026 жыл, жсауапты – Г.М.Ходжабергенова);

4.3. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің реестріне енгізілген білім беру бағдарламалары бойынша орта білім беру үйымдарының мұғалімдеріне біліктілікті арттыру курсары ұйымдастырылсын (орындау мерзімі – желтоқсан 2025 жыл, жсауапты – Г.М.Ходжабергенова);

4.4. Тыңдаушылардың сұраныстарын ескере отырып, педагогтік қайта даярлау курсарында білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілсін (орындау мерзімі – желтоқсан 2025 жыл, жсауапты – бас маман С.Н.Кабимолдаева).

4.5. Басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған ЕМВА (Executive master of Business Administration) бизнес – білім беру бағдарламасының жобасы әзірленсін (орындау мерзімі - желтоқсан, 2025 жыл, жсауаптылар – Г.М.Ходжабергенова, С.Н.Кабимолдаева)

5. Оқуға қосымша қабылданған 1-курс PhD докторанттары мен магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін (отандық, шетелдік кеңесшілері) бекіту

Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Султанның «Оқуға қосымша қабылданған 1-курс PhD докторанттары мен магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін (отандық, шетелдік кеңесшілері) бекіту» туралы баяндамасын тыңдал және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

5.1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Магистратура» (2-тарау, 1-параграф) бөлімінің 30-тармағына және «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 78, 80 тармақтарына сәйкес 2024-2025 оқу жылында 08.01.2025 ж. №05-04/3 бұйрығы негізінде оқуға қабылданған 1 курс магистранттары мен PhD докторанттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін/кеңесшілерін (отандық, шетелдік)

. бекіту туралы зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Султанның баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) 1 курс докторанттарының диссертациялық жұмыс тақырыптары (3 тілде) мен ғылыми кеңесшілері (отандық және шетелдік) 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) 1 курс магистранттарының диссертациялық жұмыс тақырыптары (3 тілде) мен ғылыми жетекшілері 2-қосымшаға сәйкес сәйкес бекітілсін.

6.Әртүрлі.

7. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кенес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілең

Ж.М.Битибаева